Капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шарттың есептік нөмірін алу үшін осындай валюталық шартқа қатысушы-резидент Ұлттық Банкке мыналарды ұсынады:

1) валюталық шартқа есептік нөмір беруге өтініш, оның негізінде және (немесе) оны орындау үшін Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша капитал қозғалысының операциялары жүргізіледі;

2) жеке тұлғалар үшін – жеке басын куәландыратын, жеке сәйкестендіру нөмірін қамтитын құжаттың немесе Қазақстан Республикасында тұрақты тұру құқығын растайтын құжаттың (шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар үшін) көшірмесі;

3) тігілген және жеке тұлғаның немесе заңды тұлға өкілінің қолымен расталған капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шарттың және капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелерге қатысты оған өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың көшірмелері. Егер капитал қозғалысы бойынша валюталық шарт шет тілінде жасалған болса, онда оның қазақ немесе орыс тілдеріндегі аудармасы ұсынылады.

Шетелдік банктегі шотқа есептік нөмір алу үшін резидент-заңды тұлға Ұлттық Банктің аумақтық филиалына:

1) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес бизнес-сәйкестендіру нөмірін көрсете отырып, нысан бойынша шетелдік банктегі шотқа есептік нөмір беруге өтінішті;

2) шетелдік банктің шот ашу туралы шоттың деректемелері көрсетілген құжаттың көшірмесін ұсынады. Егер құжат шет тілінде жасалса, онда оның қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасы ұсынылады.

Капитал қозғалысы операциялары - Қазақстан Республикасының резиденттері мен Қазақстан Республикасының бейрезиденттері арасында жүзеге асырылатын, валюталық құндылықтарға меншік құқығының және өзге де құқықтардың өтуіне байланысты болатын, мыналар:

қаржылай қарыздар;

капиталға қатысу;

бағалы қағаздармен, қатысу үлестерімен және туынды қаржы құралдарымен операциялар;

Қазақстан Республикасының заңдарымен жылжымайтын мүлікке теңестірілген не жатқызылған жылжымалы заттарды қоспағанда, жылжымайтын мүлікке меншік құқығын иемдену;

зияткерлік меншік объектілеріне айрықша құқықтарды толығымен иемдену;

ақшаны және өзге де мүлікті бірлескен қызметке қатысушының міндеттемелерін орындау үшін, сондай-ақ сенімгерлік басқаруға, трастқа беру;

клиенттердің тапсырмалары бойынша валюталық операцияларды жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушыларға ақшаны және қаржы құралдарын клиенттерге тиесілі ақшаны есепке алуға және сақтауға арналған шоттарға беру;

ақшаны және өзге де валюталық құндылықтарды өтеусіз беру көзделетін операциялар;